

**"Конгломераттардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2024 жылғы 24 маусымдағы № 4 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 21 мамырдағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 25 мамырда № 38777 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Конгломераттардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2024 жылғы 24 маусымдағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34563 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Конгломераттардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу қағидаларында:

8-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпарат көзі ретінде конгломераттардың, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мемлекеттік цифрлық жүйелердің және өзге де ашық көздердің мәліметтері пайдаланылады;"

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі — Агенттік) Бәсекелестікті стратегиялық дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Агенттік төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК